ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 4 тамыз № 5265-25-00-2/2197 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Кенжебаева оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «SERGEK IP CAM» Сатханова Гулмира Саутбековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «SERGEK IP CAM» Сатханова Гулмира Саутбековнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «SERGEK IP CAM» Сатханова Гулмира Саутбековна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «SERGEK IP CAM» Сатханова Гулмира Саутбековнадан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Документ подписан: Кенжебаева Ж. К., 04.08.2025

Дата вступления в законную силу: 15.09.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 26.09.2025

5265-25-3-1/2310